**БЕКІТЕМІН**
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы
_____________С.Дауешова
«_1_» __03_______ 2025 жыл

**«Тіл ұстарту ұстаз қолында» атты «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні мұғалімдерінің қалалық байқауын өткізу**
**ЕРЕЖЕСІ**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ

1.1. Осы ереже «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні мұғалімдерінің «Тіл ұстарту ұстаз қолында» атты қалалық байқауының ұйымдастыру тәртібін белгілейді.
1.2. Байқау «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні мұғалімдерінің кәсіби деңгейін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдермен таныстыру мақсатында өткізіледі.
1.3. Байқаудың міндеттері:
- мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- жаңа идеялар мен әдіс-тәсілдерді қолдануға ынталандыру;
- жаңашыл педагогикалық тәсілдерді кеңінен таныстыру.

1.4. Байқау қалалық деңгейде өтеді және оған барлық білім мекемелерінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні мұғалімдері қатыса алады.
1.5. Қалалық байқаудың ұйымдастырушысы – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК.
1.6. Байқауды өткізу кезеңі: 28 наурыз 2025 жыл.
1.7. Байқауды өткізу форматы – офлайн.
1.8. Байқауға қатысу үшін мұғалімдер өздерінің білім мекемесінен қатысушы ретінде ұсынылуы тиіс.
1.9.Қатысушылардың педагогикалық еңбек өтілі 3 жылдан кем болмауы керек.
1.10. Байқау қорытындысы 2025 жылдың 31 наурыз айына дейін Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК сайтында (@astana-modern.edu.kz) жарияланады.

## 2. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1. Конкурсты ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару үшін байқаудың комиссия мүшелері құрылады.
2.2. Конкурстың комиссия мүшелері Әдістемелік орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.
2.3. Комиссия құрамы білім беруді ұйымдастыру органдарының қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби байқауларының жеңімпаздарынан, қалалық Педагогтер қауымдастығының мүшелерінен құрылады.

Scanned with CamScanner

## 3. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ:

3.1. Байқауға қатысу үшін 2025 жылдың 20 наурызына дейін zh.kairkenova@astana-modern.edu.kz электронды поштасына осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес ӨТІНІМ жіберуі қажет. Уақытынан кешіктірілген Өтінім қабылданбайды.

3.1. Байқау 2 кезеңде өтеді:

I кезең – әр педагог 50 сұрақтан тұратын лексика-грамматикалық тест тапсырмасын орындайды;

II кезең – «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда қолданылатын ең тиімді әдіс-тәсілдер» тақырыбы бойынша шеберлік сынып (7 минут).

3.2. Байқауда келесі критерийлер бойынша бағаланады :

- тақырыптың өзектілігі, мақсаты;
- байқау қатысушысының кәсібилігі мен жаңаша идеяларының ұсынылуы;
- сабақта жаңаша әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануы;
- көрнекі материалдарды, түрлі ресурстарды пайдалануы;
- мұғалімнің сөзі: сауаттылық, айқындық, жүйелілік, эмоционалдық.

3.3. Қалалық комиссия мүшелері байқаудың екі кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпаздарды (1, 2, 3 орын) анықтайды.

3.4. Жеңімпаздар 1, 2, 3 дәрежелі ДИПЛОМ және СЕРТИФИКАТТАРМЕН марапатталады. Байқаудың өтетін орны мен марапаттау рәсімі қосымша хабарланады.

Іс - шараның өтуіне жауапты әдіскерлер:

*Кайркенова Жанар Муслимовна, байланыс телефоны: 8-702-320-19-75;*

Scanned with CamScanner

*Қосымша 1*

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы С. Дауешоваға
№...... мектеп директоры ..........................

**«Тіл ұстарту ұстаз қолында» қалалық байқауына**
**ӨТІНІШ**

Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәлік бойынша)
_______________________________________________

Білім беру ұйымының толық атауы
_______________________________________________

Педагогикалық қызметінің еңбек өтілі_______________________
Санаты______________________
Ұялы телефоны:
Жұмыс телефоны:
e - mail :

*«______» ______________ 2025ж .* ____________________
*(қолы)*

**Қосымша:** *мектеп мөрі және директордың қолымен бекітілген Өтінішті PDF форматында және Microsoft Word түріндегі құжатты да бірге жіберуді сұраймыз.*

Scanned with CamScanner